

ЕЛІ СҮЙГЕН, ЕЛІН СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 115-116 (8378-8379) Сейсенбі 1 желтоқсан 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті Парламент депутаттары мен
Үкімет мүшелері!
Ханымдар мен мырзалар!

Санаулы күндерден кейін біз азаттық туын желбіретіп, Тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басамыз. Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді.

Заманның беталысын өздеріңіз көріп отырсыздар. Аса күрделі, қиын кезеңге аяқ бастық. Жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық



ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Алпауыт елдердің текетіресі мен өзара санкциялар алмасу дүниені тұйыққа қарай бастауда. Біздің басты экспорттық өнімдеріміздің дүниежүзілік нарықтағы бағасы еселеп құлдырады. Бүгінгі ахуал – біздің жетістіктерімізді сынға салып, елдігімізді шыңдай түсетін уақыт тезі. Жауапты сәтте бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін аянбай тер төгуіміз керек. Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін деген қағиданы ұстанып, еңбек етуге тиіспіз.

Сәт сайын құбылған аласапыран заманға сай амал болуы керек. Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар. Біз де заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отырамыз.

(Жалғасы 2-бетте).

АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ЖҮНІСӘЛІҰЛЫ ШҮКЕЕВТІҢ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫН 1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаныңды 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын! Күллі қазақ жұртшылығы үшін бұл мерекенің жөні бөлек. Өйткені, бұл мереке талай жыл ата-баба арманын ақиқатқа айналдырған Елбасының ел үшін еткен еңбегін ұлықтайтын күн.

Ұлт көшбасшысы сындарлы шақта бірлік пен елдікті, татулық пен достықты ту етіп, тәуелсіздікті баянды, егемендікті еңселі ете білді. Тәуелсіз еліміздің қол жеткізген барлық жетістіктері бірінші кезекте – Тұңғыш Президент есімімен тығыз байланысты. Елбасы мен егемендігіміз егіз. Ғасыр жүгін арқалаған уақыт айнасында өзіне халықаралық қауымдастықтың құрметін туғызған кеменгер көшбасшы Елбасының тікелей қолдауымен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің Астанада өтетіні де төрткүл дүние назарын Қазақстанға аударуда. Бүгінде Ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында қуатты – мемлекет, дархан – ел болғанымызды мақтаныш сезіммен айта аламыз.

«Мәңгілік ел» болу мақсатында тәуелсіз Қазақстан тарихында жаңа дәуір басталды. Экономиканың тұрақты өсіп, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін жоғарылату Елбасының биылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрініс тапты.

Бейбітшілік. Тұрақтылық. Бірлік. Өркендеу-мұның бәрі Елбасының ерен еңбегімен келген құндылықтар. Осы құндылықтарды жоғалтпай, ары қарай жалғастыру, келер ұрпаққа жеткізу – қазақстандықтардың қасиетті борышы.

Қымбатты аудан тұрғындары!

Тәуелсіз Қазақстанның жасампаз жетістіктерін жаңғыртқан жалпыұлттық Тұңғыш Президент күнімен баршаларыңызды тағы да құттықтай отырып, аспанымыз ашық, халқымыз тату, болашағымыз баянды болсын демекпін!

САЛТАНАТЫ ЖАРАСҚАН ЖИЫН

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

КЕШЕ, АПТАНЫҢ ДҮЙСЕНБІСІ КҮНІ АУДАНДЫҚ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН БОЛЫП ӨТТІ.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай, Ғ.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназиясының отызға тарта оқушысы сахналаған түрлі ұлт өкілдерінің композициялық көрінісімен шымылдықын түрген салтанатты шарада аудан әкімі Мұратхан Шүкеев құттықтау сөз сөйлеп, жиналған қауымды мерейлі мерекемен құттықтады.

Мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындаған болашақтың бағдарламасы ретінде Елбасының «Қазақстан - 2050» Стратегиясы жарық көріп, онда Президент алдымызға дамыған отыз елдің қатарына ену міндетін қойды. Осы мақсатқа жетудің жолы ретінде алдағы жоспарымызды «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауында атап айтты. Жолдауда дүниежүзілік дағдарыстың салдары көрсетіліп, жаңа экономикалық саясаттың басымдықтары айтылды. «Нұрлы жол» - халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты бағдарлама. Елбасы Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын тағы да шегелеп айтты. Қазақстан – Мәңгілік Елдің Отаны, - деді аудан басшысы.

Сарабал саясатының арқасында Елбасы елімізді қиындықтан сүріндірмей алып шыққанын айта келе, Президенттің әлемдік аренадағы беделінің зор екеніне тоқталған аудан әкімі салтанатты жиын қатысушыларын маңызды зор мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күнімен құттықтап, ертеңіміз Елбасымызбен жарқын бола



беруіне тілектестігін білдірді.

Сонымен қатар, жиын барысында сөз алған «Әулие Ата Құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры Фарида Жүнісова құттықтау сөз сөйлеп, Елбасының ерен еңбегін атап өтті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында жиын өтіп, онда мемлекеттік қызметке қабылданған аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Еркін Нахимов, Бәйтерек ауылдық округі әкімі аппаратының ветеринар бас маманы Меруерт Ильясова мен осы

округтің әскери есеп жүргізуші бас маманы Мейірбек Балмұрзаевтар ант қабылдады.

Ант қабылдау рәсімінен кейін мемлекеттік қызметке қабылданған қызметшілерді аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы құттықтап, мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен



Гимнімен аяқталған салтанатты жиын соны Тараз қаласынан келген «Сарман» тобы, «Асылжан» би тобы мен аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары даярлаған мерекелік концертпен қорытындыланды.

Осы күні, аудан әкімдігінің мәжіліс залында

жауапкершілікті талап ететін алға тарта отырып, алдағы уақытта өз қызметтеріне адал болуға және кәсіби мемлекеттік қызметші болып қалыптасуларына тілектестігін білдірді.

Жиын соңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалды.

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру. Біз бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бүгін жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаңа жаһандық нақты ахуалда дамудың басты бағыттарын айқындайтын Қазақстан халқына Жолдауымды жария етпекпін.

Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері!

Ханымдар мен мырзалар! Бірнеше күннен кейін тарих ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығының есебін бастайды. Небәрі ширек ғасырда Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде қалыптасты. Біз бәріміз бірге көптеген сынақтарға төтеп бердік, шынықтық және нығайдық. Біз өзіміздің бүкіл тарихымызда

болады. Жаңа жаһандық өмір шындығының сын-қатерлеріне біз өзіміздің нақты мүмкіндіктеріміз негізіндегі біртұтас іс-қимыл стратегиясын қарсы қоюымыз керек.

II. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жаһандық дағдарыс – ол тек қауіп қана емес, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктер. Әлемдік ауқымдағы көптеген компаниялар дамудың дағдарыстық кезеңінде сәтті компанияларға айналды. Іс жүзінде соңғы жарты жүзжылдықта табысқа қол жеткізген елдердің бәрі тура мағынасында нөлден бастаған болатын. Біздің Қазақстанның өзі де дағдарыс дәуірінде өмірге келді. Алғашқы онжылдықта – Тәуелсіздіктің қалыптасуының ең қиын кезеңінде – біз негізінен «мұнайсыз» өмір сүрдік. Тәуелсіз Қазақстан әр кезде де сыртқы экономикалық стихияларға кереғар дамып отырды. Біз Тәуелсіздігімізді жариялаған өткен ғасырдың 90-шы жылдарының бірінші жартысы біз үшін қолайлы бола алды ма? Ол уақыттары өндіріс тоқтап, адамдар жұмыссыз және өмір сүруге қажетті қаржысыз қалды. Біз лайықты түрде,

мемлекеттік басқару, білім беру мен денсаулық сақтау жетілдірілуде. Осы шаралардың бәрі де мемлекетке, қоғамға біздің экономикамызға қосымша төзімділік береді.

Төртіншіден, біз қажетті мемлекеттік қор мен алтын-валюта резервін жинақтадық. **Бесіншіден**, менің тапсырмам бойынша, бұған дейін мен айтқандай, мұнай бағасы барреліне 30-ға дейін және 20 долларға дейін төмендеген жағдайларға ойластырылған іс-қимылдар нұсқасы әзірленді.

Алтыншыдан, Қазақстанда инновациялық индустрияландыру шеңберінде құрылған экономиканың жаңа секторлары экономикалық өсімнің драйверлеріне айналуда. Көптеген өңдеуші салалар өсім көрсетіп отыр. Бес жылда өңдеу өнеркәсібі 1,3 есе, химия өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өндірісі 1,7 есе өсті. Машина жасау өнімдерін шығару 2,2 есе, экспорт 3 есе артты. 800-ден астам индустриялық жобалар жүзеге асырылды. Биылғы жылы металлургия өнеркәсібі бірден 15 пайызға, химия өнеркәсібі 3,2 пайызға ұлғайды. Минералды өнімдер

келетін шетелдік инвесторлар үшін де жаңа мүмкіндіктер ашады.

III. БІЗДІҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТЫ СТРАТАГЕМАМЫЗ

Бүгінде көптеген жайттар Ұлы Қазақстан жолы мен Мәңгілік Ел идеясын бастап отырған өзімізге байланысты. Біздің ұзақ мерзімді, орта мерзімді және таяу болашаққа арналған іс-қимыл стратегияларымыз бар.

Қазір және кез келген басқа уақытта біздің дағдарысқа қарсы басты стратегиямыз үш қарапайым, бірақ маңызды – өсім, реформалар, даму ұғымдарымен үндес.

Біріншісі – өсім. Әңгіме ең алдымен, экономикалық өсім туралы болып отыр. Ағымдағы міндеттерге қатысты алғанда бізге Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған отыздығына өнуін қамтамасыз ететін экономикалық өсім қарқынын қалпына келтіру қажет. Біз жеке бастамаларды дамыта отырып, өсімнің жаңа ішкі көздерін ашуға тиіспіз.

Екінші – реформалар. Олар экономиканың, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазір біз «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырып жатырмыз. Олар өз ауқымы жағынан біз 90-шы жылдары жүргізген реформалар ауқымына сәйкес. Бізге мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржы және фискалдық секторларды неғұрлым тереңірек реформалау мейлінше қажет.

Үшінші – даму. ХХІ ғасырда қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғырту дамудың басты факторына айналып отыр. Біз Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың неғұрлым әлсіз буындарына атаулы көмек қағидаттарында бүкіл мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттарды кең ауқымды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізудеміз.

IV. ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖАҢАРУЛАРДЫҢ БЕС БАҒЫТЫ

Таяу уақыттарда бізге келесі бес бағыт бойынша дағдарысқа қарсы және құрылымдық кешенді жаңаруларды жүзеге асыру қажет.

БІРІНШІ. Қаржы секторын тұрақтандыру

Біздің маңызды міндетіміз – қаржы жүйесін жылдам тұрақтандыру, оны жаңа жаһандық нақты ахуалға сәйкестендіру.

Біріншіден, қаржы секторының теңгенің еркін бағамы жағдайында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мұндағы қағидатты сәт сол, Ұлттық валютаның бағамына Ұлттық қор қаржылары есебінен шексіз қолдау көрсету тәжірибесіне қайта оралу болмайды. Ұлттық банк банк секторының барлық субъектілеріне жұмыс істемейтін несиелер бойынша стресс-тестілеу жүргізуі қажет. Оның нәтижелері бойынша оларды мойындау және есептен шығару жөнінде шаралар қабылдау керек. Капиталдандыру проблемаларын шеше алмаған банктер қаржы жүйесінен «кетуі» тиіс. Қазақстандық банктер барлық халықаралық стандарттарға, соның ішінде, Базель комитеті мен Халықаралық валюта қорының стандарттарына сәйкес келуі қажет. «Долларсыздандыру» құралдарын кеңейту арқылы ұлттық валютаға деген сенімді нығайтуға қол жеткізудің маңызы зор.

Екіншіден, инфляциялық таргеттеу шеңберінде Ұлттық банк орта мерзімді болашақта инфляция деңгейін 4 пайызға дейін төмендетуі керек. Ол үшін пайыздық мөлшерлемелерді икемді өзгерту тетігі толыққанды пайдаланылуы тиіс.

Үшіншіден, Ұлттық банктегі институттық кемшіліктерді жою қажет. Біртұтас Зейнетақы қорын, Проблемалы несиелер қорын және басқа да қаржы институттарын оның бақылауынан шығару керек.

Төртіншіден, 2016 жылы зейнетақы активтері жеке қазақстандық немесе шетелдік компаниялардың басқаруына берілуі тиіс. Зейнетақы жиналымдарының табыстылығын арттыру мақсатында зейнетақы қаржыларын инвестициялауға көзқарастарды қайта қараған жөн. Зейнетақы қорына көзқарас пен басқару да Ұлттық қорға көзқарас пен басқару сияқты болуы керек.

Ұлттық банк қоғам мен қаржы мекемелеріне өз қызметінің мәселелері бойынша үнемі тиянақты ақпарат беріп тұруы тиіс. Қаржы секторына қатысушылардың бәрімен қалыпты жұмыс бабындағы ұнқатысуды жолға қоюдың маңызы зор. Осы аталған барлық кезек күттірмес шараларды қабылдағаннан кейін ғана экономиканы ынталандыруға, соның ішінде монетарлық тәсілдермен ынталандыруға кірісуге болады. Мен жаңа басшылықтың Ұлттық банкті сауатты басқаратынына сенемін. Біздің бәріміздің де ұлттық валютамыз – теңгеге сенуіміз қажет. Теңге салымдары – бүгінде азаматтардың жиналымдарын сақтаудың ең үздік құралы.

(Жалғасы 3-бетте).



көз көрмеген табысты экономикалық даму қарқынына қол жеткіздік. Біздің халқымыз бұған дейін ешқашан бүгінгідей жақсы өмір сүрген емес. Біз көп нәрселерге қол жеткіздік.

Қазір әлем шапшаң қарқынмен өзгеруде. Басқаша дәуір туып келеді. Біздің көз алдымызда өзгеше мүмкіндіктері мен тәуекелдері бар жаңа жаһандық нақты ахуал пайда болуда. Бүгінде Қазақстан экономикасына әлемдік рыноктардағы құлдырау туындатқан бірқатар сыртқы факторлар теріс әсерін тигізуде. Жаһандық дағдарыстардың шығу төркіні біздерге байланысты емес. Жаһандық дағдарыстар ықпалынан ешкім де сақтанып қала алмайды.

I. ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДЫҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

Бүгінде бізге де әлем дамуының бүкіл сын-қатерлерін көре білудің маңызы зор.

Біріншіден, қазіргі жаһандық дағдарыс жаппай қамту сипатына ие. Іс жүзінде барлық әлемдік рыноктар – қаржы, көмірсутегі, металдар, азық-түлік және басқа да рыноктар тұрақсыз. Біздің экспорттық өнімдерімізге сұраныстың төмендеуінің негізгі себебі де осында.

Екіншіден, әлемнің барлық экономикаларында да экономикалық өсімнің баяулауы байқалуда. Бүгінде жаһандық ІЖӨ өсімінің үнемі төмендеуі жөніндегі болжамдар ешкімді де таңқалдырмайды. 2011 жылдың күзінен бастап Халықаралық валюта қоры оларды 5-тен 3 пайызға дейін төмендеті отырып, болжамдық көрсеткіштерді 6 рет қайта қарады. Және, шамасы, бұл да шек емес сияқты.

Үшіншіден, бүгінде мұнайдан түсетін супертабыстар жоқ.

Төртіншіден, жаһандық экономика саяси факторлардың қысымын сезінуде. Әлем тұрақсыз бола түсті. Жетекші державалар бір-біріне қарсы санкциялар енгізді. Олардың арасындағы сенім күрт төмендеп кетті. Таяу және Орта Шығыс, Солтүстік және Орталық Африка өңіріндегі тұрақсыздық пен дау-жанжалдар кең ауқымды босқындар ағынына апарып соқтырды. Әрбір күн террорлық актілер мен ондаған адамдардың қаза тапқандары туралы хабарлар жеткізуде. Бүгінде халықаралық терроризм әлемге елеулі қатер төндіріп тұр. Бұл тәуелсіз мемлекеттердің ішкі істеріне сыртқы күштердің араласуы жолымен мемлекеттіліктің күйреуінің нәтижесі.

Әлемнің дамуы күштердің әлемдік және өңірлік орталықтарының арасындағы қатаң бөсекелестік аясында жүретін

әрбір қадам сайын ол дағдарысты еңсере білдік. Біздің еліміз өзгерістердің алғашқы нәтижелерін енді ғана сезіне бастаған сәтте 1997-1998 жылдардағы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржы дағдарысы келіп жетті.

Сол уақыттары қабылданған стратегиялық шешімдер мен іс-қимылдар маңызды оң сипатты мәнге ие болды. Ол кең ауқымды жекешелендіру мен біздің экономикамызға көптеген трансұлттық компаниялардың келуі. Сол кезеңде біз жаңа елордамыз – Астананың құрылысын қолға алдық, Каспий құбырлы өткізгіш консорциумы жұмыс істей бастады, «Қазақстан-2030» Стратегиясы бастау алды. 2007-2009 жылдардағы дүниежүзілік қаржы дағдарысы туындаған кезде Ұлттық қор құру туралы шешімнің маңыздылығы мейлінше айқын бола түсті. 20 миллиард доллардай – Қазақстан ІЖӨ-сінің 14 пайызы – жұмыспен қамтуды қолдауға, жолдарды жөндеуге және салуға, қалалар мен ауылдарды көріктендіруге бөлінді. Банк секторы, шаруа қожалықтары, шағын және орта бизнес көмекке қол жеткізді. Арам ниетті құрылыс салушыларға алданған мыңдаған үлестік құрылысқа қатысушылар мемлекеттің ізгілікті ерік-жігерінің арқасында жаңа тұрғын үйлер алып шықты.

Біз дағдарысқа қарсы екі жоспарды әзірлеп, дейімділікпен жүзеге асырдық. Бұл біздің экономикалық қиындықтарды еңсерудегі зор да табысты тәжірибеміз. Қазіргі жаһандық дағдарыс біздің басымызға күтпеген жерден келіп түскен жоқ. Мен жаңа толқынның қайткенде де келіп соғатынын талай рет айтқанмын. Бұл жолы Қазақстан дағдарысқа қарсы алдын алу стратегиясын алғаш рет қолданып отыр.

Біріншіден, біз қазірдің өзінде индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығын бастадық, яғни шикізат ресурстарына ғана қарап қалмайтын экономика құрудамыз.

Екіншіден, біз «Нұрлы Жол» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қабылдадық. Дағдарысқа қарсы шаралардың маңызды аспектісі ұлттық валютамыз теңгенің еркін бағамға көшуіне байланысты болды.

Үшіншіден, біз «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудамыз. Парламент Ұлт жоспарын заңнамалық қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде. Олар 80-нен астам заң. Олар біз жоспарлағандай, 2016 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастайды. Шағын және орта кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілер жойылуда,

өндірісі 3,2 пайызға, киім-кешек 4 пайызға өсті. Дүниежүзілік банк пен Азия даму банкі Қазақстан үшін 2016 жылға жоғары экономикалық өсу қарқынын болжап отыр.

Жетіншіден, қазақстандықтардың экономикалық мінез-құлықтары өзгеруде. Еңбек өнімділігінің 60 пайыздан астамға артқаны байқалып отыр.

Біздің халқымыз ешқашан бүгінгідей бақуатты тұрмыс кешіп көрген жоқ. Тәуелсіздік алғаннан бері 1300-ден астам денсаулық сақтау нысаны мен 1700-ден астам білім беру ошағын салдық. Олардың барлығын ең соңғы үлгідегі құралдармен жабдықтадық. Аса күрделі операцияларды өз елімізде, өз дәрігерлеріміз жасайтын жағдайға жеттік. Жалпы халықтың тұрмысының, денсаулығының түзелуі, санының өсуінің нәтижесінде қазақстандықтардың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жуықтады.

Мемлекет қандай жағдайда да әлеуметтік міндеттемелерін шашау шығармай орындап келеді. Тарихымызды түгендеп, мәдениетімізді өркендетуге қол жеткіздік. Жаңа жылдан бюджет қызметкерлерінің жалақысы, әлеуметтік жәрдемақылар мен шәкіртақы орташа алғанда 30 пайызға дейін көбейді. Осының барлығы халықтың болашаққа сеніммен қарап, алаңсыз өмір сүруіне толық негіз болады.

Құрметті қазақстандықтар!

Осыдан екі жыл бұрын мен «Қазақстан-2050» Стратегиясын жарияладым. Осы уақыттың өзінде-ақ біз оны жүзеге асыруда, тіпті, жаһандық дағдарыстың теріс ықпалына қарамастан, орасан зор нәтижелерге қол жеткіздік.

Біріншіден, Давос экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемде 42-ші орынға ие болды.

Екіншіден, бизнес үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайтын елдердің әлемдік рейтингінде Қазақстан 41-ші позицияны иеленді.

Үшіншіден, бүгін, 30 қарашада Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының заңды түрдегі толыққанды мүшесі болды. Ол туралы ДСҰ-ның Бас кеңесінің отырысында ресми түрде хабарланатын болады. Бұл оқиға тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Ол біздің еліміздің толыққанды сауда-экономикалық әріптес ретінде мойындалуын айғақтайды. Қазақстанның ДСҰ-ға өтуі біздің экспорттаушыларымыз үшін де, экономикамыздың шешуші секторларына

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

(Жалғасы. Басы 1,2-беттерде).

ЕКІНШІ. Бюджет саясатын оңтайландыру

«Көпкеге қарап көсілу» – бұл, әсіресе, жаһандық дағдарыстың ықпалы жағдайында біз үшін тексерілген қағидат және бюджет саясатының дұрыс моделі.

Бүгінде біз бюджетке салықтық түсімдердің 20 пайызға дерлік төмендегенін айтып отырмыз. Қосылған құн салығын төлеу көлемі төрттен бірге, ал табысқа корпоративтік салық бойынша 13 пайызға төмендеді. Бұл бар болғаны бизнеске қосымша қысымды білдіретін болады. Бюджет шығындарын Ұлттық қор есебінен жабу – көрегендік емес. Біз алдағы жылдардың қандай боларын білмейміз. Сондықтан менің ұстанымым қағидатты – Ұлттық қор қаржыларын ағымдағы шығындарға пайдалану тоқтатылуы тиіс. Ұлттық қордан республикалық бюджетке жыл сайынғы көпіндендірілген, шектеулі трансферт бірден-бір тетік болуы керек. Үкіметке Ұлттық қор қаржыларын жаңа жаһандық өмір шындығы жағдайында қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын.

Бізге мемлекеттік кірістер мен шығыстардың бүкіл жүйесін қайта қарау қажет. Ең алдымен, бюджеттің кіріс базасын ұлғайту керек. 2017 жылы қазіргі ҚҚС-тің орнына сатудан түсетін салықты енгізу қажет. Барлық тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жойған жөн. Салықтық режимдерді оңтайландыру қажет – тек үш деңгей ғана қалуы керек. Олар – жалпы, жеке кәсіпкерлер үшін патент және шағын және орта бизнес, сондай-ақ, аграрлық сектор үшін арнайы салық режимі. Мұндай механизм «көлеңкелі экономиканы» жарыққа алып шығатын болады.

Салық саласының мөлдірлігін арттыру Үкіметтің басты міндеті болуы тиіс. Тек осылай еткенде ғана экономиканың әрбір субъектісі салықтарды толық көлемде төлеуге мүдделі болмақ.

Үкімет салықтық әкімшілендірудің тиімділігін қамтамасыз етуі керек. Бүгінде мүлкті жария ету мерзімдері 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Мүлік пен ақшаны заңды айналымға қайтару үшін қосымша ынталандырулар қабылданды. Құпиялылық пен сот қудалауынан қорғауға кепілдік беріледі. Үкіметке жария ету жағдайларына тағы бір рет талдау жасауды және қажет болған жағдайда, оған қатысушыларға кепілдікті күшейтуді тапсырамын. Мен мүлкті жария етуге қатысу жөнінде әлі де ойланып жүргендердің барлығын осы мүмкіндікті пайдаланып қалуға шақырамын.

2017 жылдың 1 қаңтарынан кірістер мен шығыстарды жаппай декларациялау күшіне енеді. Одан кейін, олар қайда болса да, олардың шығу тегі мен салық салынуын анықтау үшін, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының көмегімен, есепшоттар мен активтерді анықтау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Енді бюджет шығындарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы. Үкіметке бюджеттік бағдарламаларға толық ревизия жүргізуді тапсырамын. Дағдарыс жағдайында ер теңге де маңызды. Тиімсіз шығындар немесе жеке сектор есебінен жабылуы мүмкін шығындар бюджеттен шығарылуы тиіс. Өңірлік және индустриялық даму бағдарламаларының шығындарын қайта қарау қажет.

Мемлекеттік шығындар мен субсидиялар жүйесін де қайта қараған жөн. Бүгінде бүтіндей бір салалар мемлекет есебінен өмір сүреді. Сонымен бірге, мәселен, «ҚазАгро» корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қолдау құралдары бүкіл ауылшаруашылық тауар өндірушілердің тең жартысы үшін қолжетімді емес. Бюджет шығындарын жеңілдету үшін мемлекет-жекеменшік әріптестігі тетігін белсендірек қолдану қажет. Экономиканың басым салаларына жеке инвестицияларды ынталандыру бойынша қосымша шаралар қарастыру керек. Жеке инвесторларды жол, газ құбыры, ауруханалар, мектептер және басқа да нысандар құрылысына ғана емес, сонымен бірге, оларды қайта жаңғыртуға және техникалық қызмет көрсетуге тартудың да маңызы зор. Бюджет шығындарын оңтайландырудан босаған барлық қаржыны бірінші кезекте халық үшін нақты нәтижелер әкелетін жобаларға бағыттау қажет.

ҮШІНШІ. Жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру

Бүгінде тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін ішкі ресурстарды барынша босатудың маңызы зор. Ол үшін біз екі тиімді құралды – кең ауқымды жекешелендіруді және бәсекелестікті ұлғайтуды пайдалануға тиіспіз. Бүгінде өсім мен бәсекелестікті не ұстап тұр?

Ең алдымен, үлкен мемлекеттік сектор – 7

мыңнан астам кәсіпорындар. «Самұрық-Қазына» және «ҚазАгро» холдингтері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының орасан зор активтеріне тиімді бақылау жасай алмайды. «Самұрық-Қазына» қорының активтері ІЖӨ-нің 40 пайыздан астамын құрайды, 500-ден астам «немерелер» мен «шөберелерден» тұрады. «ҚазАгро» және «Бәйтерек» холдингтері бюджет пен банктер арасындағы тиімсіз дөңделерге айналды. Осылардың бәрі далиған штаттармен және орасан бюджеттік ресурстармен қоса жүреді, сонымен бірге, жеке инвестициялар мен бастамаларды ығыстырып шығаруға апарып соқтырады.


Қазір мемлекеттік сектор нысандарын жекешелендіруге шектеулерді алып тастау маңызды. «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң мен Азаматтық кодекстің бірқатар ережелерін қайта қарап, жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық нысандардың санын қысқарту қажет.

Үкіметке мемлекеттік меншіктегі

деген сөз. «Қазақстанда жасалған» әрбір бұйымда төрт қасиет – сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана ісіміз өнімді, затымыз өтімді болады. Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, бізді сырттан келіп өшкім жарылқамайды.

Мен кәсіпкерлер табына, барлық ауқатты қазақстандықтарға, барлық бизнесмендер мен іскер адамдарға сөз арнағым келеді. Мемлекет жекешелендіру мен экономикалық ырықтандыру бойынша біздің тарихымызда бұрын-соңды болмаған қадамдарға барып отыр. Еліміз қазірдің өзінде көпшіліктеріңізге ақша табуға және іскерлік журналдардың бірінші беттерінен көрінуге мүмкіндік берді. Мен сіздерді капиталдарды заңдастыруға, жекешелендіру теңдерлеріне белсенді қатысуға шақырамын. Осылайша сіздер өздеріңізге және Қазақстанға, барша халқымызға жәрдемдесетін боласыздар.

ТӨРТІНШІ. Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері



Таяудағы онжылдықта Қазақстанның алдында тұрған міндеттер:

- экономиканың жыл сайынғы өсімін 5 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету;
- өңделген тауарлардың экспортын 2015 жылмен салыстырғанда кем дегенде екі есе ұлғайтып, оны жылына 30 миллиард долларға дейін жеткізу;
- экономикаға жыл сайынғы инвестициялардың көлемін 10 миллиард доллардан астамға ұлғайтып, тұтастай алғанда 10 жыл ішінде – кем дегенде 100 миллиард долларға жеткізу;
- 660 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өнімділігін 2 еседен астамға арттыру.

Экономикалық өсімнің мұндай қарқыны тек экспорттық табыстар ағынын мүмкін ететін жаңа драйверлер қалыптастыру есебінен ғана қамтамасыз етіле алады.

Жаңа жаһандық нақты ахуалдың мәні тек ертарпапандырылған экономиканың ғана жаһандық дағдарыс салдарына тиімді қарсы тұра алатынында болып табылады. Сондықтан да біз индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыру үстіндеміз. Бізге жаңа инвестициялық саясат керек.

Біріншіден, трансұлттық корпорацияларға екпін түсіре отырып, жеке инвестициялар тарту маңызды. Біз «күрделі инвестициялар» тарту үшін оңтайлы орта қалыптастыруымыз керек. Осы жылы «Астана» Халықаралық қаржы орталығын құру туралы шешім қабылданды. Ол исламдық қаржыландыру, приват-банкінг және қайта сақтандыру салаларында өңірлік хаб болады. Қазақстан күшті институттары, білікті, тиімді және болжамды үкіметі бар өңірдегі көшбасшы-елге айналуы тиіс. Бізде озық техникалық кадрлар, әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымдар болуы тиіс, қоғамдық тәртіп пен адамдардың жеке қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек.

Инвестициялық ахуалды жетілдіруге бағытталған реформаларды әрі қарай жалғастыру ЭЫДҰ және басқа да халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүргізілуі тиіс. Үкіметке үш ай мерзім ішінде инвестициялық ахуалды жақсартудың егжей-тегжейлі жоспарын жасап ұсынуы тапсырамын. Бұдан бөлек, инвесторлармен жұмысты белсенді ете түсу үшін инвесторлар тарту мен инвестициялық ахуалды жақсартуға бағдарланған Үкімет кеңесін құруды тапсырамын. Өңірлерде жергілікті маңыздағы жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар тартуға қажетті осындай кеңестер құру керек.

Екіншіден, экономикалық өсімнің өңірлік драйверлерін қалыптастыру маңызды. Барлық инвестициялық жобалар тікелей өңірлерде жүзеге асырылады. Сондықтан, 6 макроөңірлер – Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Алматы, және Астана үшін жеке бағдарламалар жасау қажет. Ірі өңірлік жобалар айналасында шағын және

орта бизнесті дамыту керек. Сондықтан, кәсіпкерлікті қолдаудың «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы макроөңірлердің инвестициялық бағдарламаларының бір бөлігі болуы тиіс. Еңбек ресурстарының жұмылғыштығын жоғарылату бойынша, бірінші кезекте, еңбек күші артық өңірлердің еңбек күші жетіспейтін өңірлерге миграцияларды ынталандыруға бағытталған шараларды алдын ала қарастыру қажет.

Макроөңірлер «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде құрылатын біртұтас көліктік, логистикалық және коммуникациялық құрылым аясында бірігулері тиіс. Қазіргі кезде «Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Шығыс», «Орталық – Батыс» шешуші бағыттары бойынша 11 жоба жүзеге асырылуда. «Боржақты – Ерсай», «Алматы – Шу» теміржол желілері мен Құрық портындағы паромдық өткел құрылыстары жүргізілуде. Бұл жобалар қазірдің өзінде 72 мың адамды жұмыспен қамтып отыр. Үкіметке

аталған бағдарламаларды жүзеге асыру ісін белсенді ете түсуді тапсырамын.

Сонымен қатар, экономикалық конъюнктураны есепке ала отырып, қаржыландыру көздерін ертарпапандыру қажет. Менің ҚХР-ға сапарым барысында ЭксимБанкпен 2,6 миллиард доллар сомасында займ тарту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазір мемлекеттік бюджет есебінен көптеген жолдар салынып жатыр. Бірақ, бұл жобаларға шетелдік және жергілікті инвесторларды да тарту керек. Жақын болашақта «Нұрлы Жол» бағдарламасы жобаларына жеке капиталды тарта отырып, қаржыландыру моделіне көлтіру керек.

Үшіншіден, қазір әлемдік және өңірлік рыноктарда экспорттық тауашаларды белсендірек игерген жөн. Біз жақын жатқан елдердің экономикалық әлеуеттерін тиімді пайдалануға тиіспіз. Бірінші кезекте, бұлар – Қытай, Ресей, Иран, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан, Орталық Азия және Кавказ елдері. Аталған елдер жыл сайын 3,5 триллионнан астам доллардың тауарлары мен қызметтерін импорттайды. Еуразиялық экономикалық одақақ шешуші өңірлік рыноктармен еркін сауда туралы келісім жасасу қажет. Үкімет аталған мәселелерді біздің әріптестерімізбен бірлесіп жасап, бәріміз үшін пайдалы етіп шешуі тиіс. СИМ-ге осы міндеттерді орындау үшін Қазақстанның шетелдердегі мекемелерінің барлық ресурстарын іске қосу қажет.

Төртіншіден, бізге техникалық кадрлар дайындау жүйесін барынша дамыту қажет. Техникалық және кәсіби білім беру инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс. Бұл үшін Германиямен, Канадамен, Австралиямен және Сингапурмен кадрлар дайындау орталығын бірлесіп құру керек. Олар бүкіл еліміз үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің моделі болады.

Бесіншіден, Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін арттырған жөн. Болашақтың экономикасын құру үшін негіз қалау маңызды. Смарт-технологиялар, жасанды интеллект, киберфизикалық жүйелер интеграциялары, болашақтың энергетикасы, жобалау және инжиниринг салаларында біліктілікті дамыту қажет. Мұны тек тиімді ғылыми-инновациялық жүйе құру арқылы ғана жасауға болады. Назарбаев Университеттің «Астана бизнес кампусы» хайтек-паркінің базасы мен Алматыдағы «Алатау» технопаркінде қалыптастырылатын қуатты зерттеу университеттері мен инновациялық кластерлері оның негізіне айналады. Астанада ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу бізге «жасыл технологияларға» негізделген жаңа энергетиканы белсенді дамытуға жақсы мүмкіндік береді.

(Жалғасы 4-бетте).

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ОСУ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

(Соңы. Басы 1,2,3-беттерде).

БЕСІНШІ. Жаңа әлеуметтік саясат

Серпінді экономикалық өсім көптеген жылдар бойы бізге белсенді әлеуметтік саясат жүргізіп, адамдардың өмір сапасын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді. Барлық жаңандық дағдарыстардың теріс ықпалына байланысты экономикамыз тап болған бүкіл қиындықтарға қарамастан, біз өркес қазақстандықтардың әлауатын арттырып келдік. Он жылда әлеуметтік салаға мемлекеттік шығындар нақты көрсеткіш бойынша 3 есеге жуық өсті. Әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқаруда жұмыс істейтіндердің саны 1,2 миллион адамнан асады. Мемлекет жәрдемақы мен төлемдердің үлкен көлемін қамтамасыз етуде. Оларды 1,5 миллионнан астам азамат алады.

Экономикалық түлектерге, жалпы, ештеңеге де қарамастан, біз халықты әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Мен 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбекақысы орташа алғанда – 28 пайызға дейін, білім беру саласы қызметкерлерінікі – 29 пайызға дейін, әлеуметтік қорғаудағы қызметкерлердікі 40 пайызға дейін артатынын жариялаймын. Мұнда бюджет қызметкерлерінің түрлі категорияларына қатысты сараланған тәсіл қолданған ұтымды. Алдағы жылы мүгедектігі мен асыраушысынан айырылуға байланысты әлеуметтік жәрдемақылардың 25 пайыздық өсімі, сондай-ақ, стипендиялар қамтамасыз етілетін болады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап біз инфляция деңгейінің алдын ала отырып, ынтымақты зейнетақыны 2 пайызға индексдейміз. 2016 жылы «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы 30 пайызға арттырылатын болады. Бұл мақсаттарға қаржыны біз бюджеттік шығындарды оңтайландырудан кейін үнемдейміз. Осылайша біз еңбекақыны өсіру үшін қаржы тауып, өзіміздің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерімізді орындаймыз!

Мен барлық әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жіктерге сөзімді арнамақпын. Біз мұқтаждарға қашанда көмек қолын созып келдік. Сонымен қатар, әлеуметтік әділеттілік бұрмаланбауы тиіс. Өйткені, әрбір әлеуметтік төлем – бұл жай бюджетке ғана емес, әрбір жұмыс істейтін қазақстандыққа қосымша салмақ. Әлеуметтік әділеттілік идеясы жұмыс істейтін қазақстандықтарға қатысты әлеуметтік әділетсіздікке айналмауы тиістігін нақты түсіну керек. Бұл – солардың ақшасы!

Бүгін де тек Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы ғана сыртқы сілкіністерге орнықты, тиімді экономиканың нақты негізі болуға қабілетті. Азаматтарға әлеуметтік қолдауды кеңейту мақсатында Үкіметке 2016 жылдың бірінші тоқсанында соңына дейін еңбекпен қамтудың жаңа Жол картасын жасауды тапсырамын.

Бағдарламаларды қаржыландыру көлемі 2009-2010 жылдары жүзеге асырылған осыған ұқсас Жол картасымен салыстырғанда ұлғайтылатын болуы тиіс. Бұл жергілікті инфрақұрылымдарды дамыту мен елді мекендерді абаттандыру жобалары есебінен еңбек рыногының тұрақтылығын қамтамасыз ететін болады. Кадрларды кең ауқымды қысқа мерзімді қайта даярлау мен біліктілігін арттыру ұйымдастырылады. Кәсіпкерлікті дамыту үшін микронесиелеу кеңейуде.

Бүгін мен жаңа әлеуметтік саясат жасау міндетін қоямын. Мемлекеттің әлеуметтік саладағы рөлі әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелетін болуы тиіс. Атаулы әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде, көрсетілетін болады. Басқалар ақшаны өздері, өздерінің еңбектерімен табулары тиіс. Азаматтарымыздың жекелеген топтарының ерекше сұраныстарын ескере отырып, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің құрылымдарын қайта қарау және оның түрлі деңгейлерін белгілеу қажет. Үкіметке үш ай ішінде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін оңтайландыру бойынша ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Еңбек ете алатындарға мемлекеттік қолдау тек олардың қайта оқуға немесе еңбекпен қамту бағдарламаларына қатысулары негізінде ұсынылатын болуы тиіс. Үкіметке әлеуметтік көмектің мұндай түрлерін 2017 жылдан бастап енгізуді тапсырамын. Әлеуметтік саясаттағы мемлекеттің басымдығы адам капиталын дамытуға кең ауқымды инвестициялар болуы тиіс. Біз бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуды жалғастыруымыз керек. Мен 2017 жылдан бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталатынын жариялаймын. Үкіметке оны жасауға кірісуді тапсырамын.

Қазақстанның жас азаматтары!

Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда.

Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын. Жұмысшы

мамандықтарын меңгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от-жалынының жанында тұрдым. Үлгі алыңдар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да, міндетті түрде көделеріңе жарайды.

Тұтастай алғанда, Жолдауда ілгерілетіп отырған шаралардың барлығы нақты сипатқа ие және, әдеттегісінше, сенімді қаржыландырумен қамтамасыз етілген. 2014-2015 жылдары шағын және орта бизнесті дамытуға 1 триллион теңге бөлініп үлгерілген болатын. «Нұрлы Жол» бағдарламалары жобаларына – 2,7 триллион теңге. 2,7 триллион теңге Қазақстанға халықаралық қаржы ұйымдары тарапынан бөлінді. Қытай Халық Республикасы 2,7 миллиард доллар көлемінде несиесі берілді. Тұтастай алғанда, осы Жолдау жобаларын жүзеге асыруға 7,5 триллион теңге тартылмақ. Осы қаржыларды тиімді пайдалану – Үкіметтің басты міндеті және жауапкершілігі.

Қиындықтарды еңсеруде біз жалғыз емеспіз. Өзіміздің салмақты сыртқы саяси қызметімізбен біз бүкіл әлем бойынша көптеген достар таптық. Олар бізді қолдап келеді. Сіздер менің сапарларыммен әлемнің жетекші елдерінің көшбасшыларымен келіссөздеріміздің куәгерлері болдыңыздар. ҚХР-мен 23 миллиард долларға шикізаттық емес сектордағы ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл – 40-тан астам жаңа кәсіпорын салынады деген сөз. Лондон мен Парижге сапарларым да, экономикалық ынтымақтастық тұрғысынан алғанда, табысты болды. Жасалған келісімшарттардың жалпы сомасы 11,5 миллиард долларды құрайды. Елімізге Ресей Президентінің сапары біздің дәстүрлі ізгі көршілестік қарым-қатынастарымыздың тұрақтылығы мен беріктігін және экономикалық интеграцияның дамып келе жатқанын көрсетті. Жапония премьер-министрінің сапары инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтетін болады. Бізге тұңғыш рет «Тойота» концерні келіп, Қазақстанда автомобильдер шығарады.

Басты нәтижелердің бірі бізге халықаралық қаржы институттарының жоғары сенімі болып табылады. Осындай күрделі кезеңде біздің реформаларымызды қолдай отырып, олар 9 миллиард доллар көлеміндегі қаржы ресурстарына қол жеткізуімізге жол ашты. Біз Еуропалық Одақпен тереңдетілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойдық. Біз әлемдік қоғамдастықпен ядрозсыз әлем үшін, терроризм мен экстремизмге қарсы күресте бірігіміз. Біз кез келген жанжалдардың бейбіт жолмен шешілгенін қалаймыз және осы үшін қолымыздан келгенін бәрін жасаймыз.

Дүниежүзінде біз бастаған реформалар туралы, Жүз қадам туралы жақсы біледі

және оларды қолдайды. Біз достарымыздың көңілін қалдырмауға тиіспіз. Бұл реформалар, мен аталған Жолдауда алға қойған олармен өзара байланысты міндеттерді орындау оңай болмайды, мүмкін, тіпті, ауыр соғуы ықтимал. Бірақ, оларға балама жоқ. Егер біз осының бәрін жасамайтын болсақ, онда әлемдік дамудан үмітсіз кейіндеп қаламыз. Бірақ біз, әдеттегідей, белгілегендеріміздің бәрін жасаймыз.

Құрметті отандастар!

Жаңа 2016 жылдан Ұлт жоспары шеңберінде қабылданған жаңа заңдар жұмыс істей бастайды. Бүгін мен экономикамызды, мемлекетіміз бен қоғамымызды нығайтуды көздейтін жаңа шаралар туралы хабарладым. Барлығымыздың мойнымызда еліміздің болашағы үшін орасан зор жауапкершілік жатыр. Алдымызда қиын жұмыстар күтіп тұр. Қазақстан халқына Жолдауымдағы барлық міндеттерді жүзеге асыруда мен «Нұр Отан» партиясына ерекше орын беремін. Жолдау барлық партия мүшесі үшін іс-қимыл негізі және таяудағы жылдарға арналған бағдарлама болуы тиіс. Кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, адамдарды жұмылдыру, қойылған барлық міндеттерді орындауда біріктіру керек. Партиядан сайланған депутаттар дағдарысқа қарсы және құрылымдық қайта жаңғыруларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етулері тиіс. Мен барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барлық азаматтарды Отанымыздың игілігі жолындағы ортақ іске бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып жұмылып, аталған Жолдауды жүзеге асыруға белсене қатысуға шақырамын.

Келе жатқан күрделі кезең біз үшін еңсеру кезеңі болады. Біз жаңа жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз. Бұл үшін бізде біртұтас ерік-жігер, халық бірлігінің берік дәстүрлері бар. Біз Қазақстанымызды дамудың жаңа шептеріне шығаратын боламыз!

Қымбатты қазақстандықтар!

Дағдарыстардың бәрі өткініш, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Мен айтып өткеннің барлығы жеңуге болатын, біз жеңе алатын бөгеттер. Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз.

Рухы биік, еңбегі ерек, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! **Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!** Мен халқыма сенемін. Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін!

Алға, Қазақстан!

Елбасы жолдауы - ел назарында

Кеше, Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын арнады. Аталмыш Жолдау «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбын қамтыды.

Жолдауын жариялауды бастаған Елбасы Н.Назарбаев сөз басында бүгінгі әлемдік ахуалдың күрделі кезеңмен ұштасып отырғанын атап өтті. Президент алпауыт елдердің өзара санкциялары дүниені тығырыққа тірегенін жеткізді. Сонымен қатар, Елбасы мұндай аса жауапты сәтте бірліктің сақталуы аса маңызды екенін, сондай-ақ, барша қоғам ел игілігі үшін аянбай тер төгу қажеттігіне тоқталды.

«Біріміз біріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген қағиданы ұстанып, еңбек етуге тиіспіз. Сәт сайын құбылған аласапыранға сай амал табуымыз керек. Ең жақсы жоспар уақыт талабына бейімделген жоспар болып саналады. Біз де заманның беталысына қарай, межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отыруымыз қажет. Біздің мақсатымыз - елі бақытты, жері гүлденген Отанымыз Қазақстанды Мәңгілік Ел ету», - деді Н.Назарбаев. Бұдан бөлек, Елбасы Қазақстанның алдағы межелі әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен ықпалды мақсат екенін атап өтті.

Елбасымыз болашақты бағдарлап берген осы Жолдауында да елдің бірлігі мен тұрақтылығы да айтылды. Бұл

өте орынды. Өйткені, қандай жағдай болмасын, халық үшін ең маңыздысы – ол елінің береке-бірлігі. Мемлекет басшысы тағы да жаңа Жолдауды осылай ел алдына айқындап берді.

Елбасының кезекті Жолдауын Байзақ өңірінің жұртшылығы да ыстық ықыласпен қабылдады. Атап айтқанда, аудан әкімі мен аудандық мәслихат



аппараттары, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының қызметкерлері, партия ардагерлері, саяси кеңес пен депутаттық фракция мүшелері, аудандық бөлім, мекеме ұжымдары, орталық аурухана мен емхана, «Байзақ баба» мешіті мен «Ауыл жаңалығы» газетінің ұжымы да Мемлекет басшысының Жолдауын тікелей эфирден тамашалап, өзара ой-пікірлер алмасты.

Жаңа Жолдауды жан-жақты түсіне отырып, қолдайтындықтарын, еліміздің одан әрі өркендей, өрлей түсетініне, дағдарысты кезеңнен шығатынына сенім артқан аудан тұрғындары атынан редакциямызға шұғыл келіп жатқан бірқатар пікірлерді назарларыңызға ұсынамыз.

Өз тілшіміз.

Жолдау жолдары жігерлендіреді

М.Нысанбаев, №3 Байзақ колледжінің директоры.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған кезекті Жолдауын №3 Байзақ колледжі үлкен ықыласпен қабылдады.

Елбасының Қазақстан халқының жағдайын көтеру мақсатында айтқан әрбір сөзі баршамызға ерекше жігер сыйлады. Әсіресе «Ұлт көшбасшысының «Өз еліміздің өнімін қолданыңыздар, қасындағы азаматтың бастамасының дамуына ықпал етіңіздер» деген сөзі өсіп келе жатқан кейінгі жас ұрпақты отансүйгіштікке баулитыны рас.

Жастарды қолдау мен қоллаптау мұнымен шектеліп қалмайды. Елбасының «2017 жылдан бастап кәсіптік-техникалық жұмысшы мамандықтарына тегін оқытылу басталады» деуі жастардың болашаққа деген сенімін күшейтіп, үлкен үміт сыйлады.

Сонымен қатар, Н.Әбішұлы әлемдік дағдарыс кезінде Қазақстан халқының экономикалық және әлеуметтік жағдайды жақсартуда қандай қадам жасау керектігін нақты айтты. Барша қазақстандық азаматтарға шет елдегі қаржыларын елге аударып, өндіріс пен өнеркәсіпті дамытуға ықпал етулерін тапсырды. Яғни, адал еңбек етіп, өзінің де, мемлекеттің де жағдайын одан әрі жақсартуға үлес қосудың маңызын тілге тиек етті.

Елбасының кезекті Жолдауын өз басым «Барлығы тек елім сен үшін, туған жерім сенің өркендеуің үшін» - деген ішкі саналы сезіммен қосқан, еңбек ету тәжірибесі мол азаматтың ресми бағдарламасы деп қабылдап, оның басым бағыттарын іске асыруға барынша атсалысу баршамыздың ұлы міндетіміз дегім келеді.

ЕДИНОДУШНО ПОДДЕРЖИВАЕМ!

Л.Горр, руководитель русского этнокультурного центра района, учитель средней школы имени Н.К.Книппбаева.

Каждый год мы с нетерпением ждём традиционное Послание народу Казахстана, так как в нём мы получаем чёткую информацию о приоритетах дальнейшего развития нашего государства. Я, как работник системы образования, горжусь тем, что в нашей стране много внимания уделяется развитию образования, к примеру, из 942 школ, построенных за годы Независимости Казахстана, шесть приходится на наш район и ещё одна школа на 300 мест в настоящее время строится в Туймекентском сельском округе. Это, не считая, отремонтированных. Несмотря на мировой кризис, наша страна стабильно развивается, все социальные гарантии и обязательства государства сохраняются, повышаются пособия для малоимущих и инвалидов, зарплата работников бюджетной сферы. В связи с этим, мы, педагоги района, выражаем огромную признательность за заботу о подрастающем поколении.

* * *

М.Раджамов, руководитель турецкого этнокультурного центра района.

Я поддерживаю все инициативы, высказанные Главой государства. Мы должны выполнять те задачи, которые Президент ставит перед нами. Я считаю, что Казахстан может в кратчайшие сроки войти в число наиболее развитых стран мира. Наша страна — одна из быстроразвивающихся стран мира. Она движется по правильному направлению, развивается очень динамично, и я уверен в будущем своих детей. Если в дальнейшем мы будем едины как нация, как единое целое, то наша республика очень многого добьётся. Всё, что сказал Глава государства в своём Послании, сбывается, и мы приложим все усилия, чтобы выполнить эти планы.

От всего сердца поздравляю всех с днём Первого Президента — это всеобщий праздник страны. Пусть наша Родина — Республика Казахстан развивается, крепнет и процветает! Пусть все наши начинания будут результативными, а будущее — светлым!

«Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы Саяси кеңесінің құттықтауы

**Құрметті аудан тұрғындары!
Құрметті партияластар!**
Шындығында, Мемлекет басшысының елімізді аяғынан нық тұрғызып, әлемге танытудағы еңбегі ұшан-теңіз. Осы егемендігіміз арқасында тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Міне, халық сайлаған Елбасы әрқашан осындай жарқын істердің шыңынан табылып отырды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, егемендік алғаннан бері де жиырма төрт жылдан асты. Осы уақыт аралығында Қазақстанды барша әлем таныды. Әлемдегі жоғары дамыған өркениетті мемлекеттермен тәуелсіз Қазақстан терезесі тең, беделі жоғары, болашағы зор мемлекет болып қалыптасты.

Мәдениетіміз, өнеріміз, экономикамыз, білім мен ғылымымызбен өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылдық деп барша қазақстандықтар мақтанышпен айта алады. Қазіргі таңда кең байтақ елімізде Елбасының бастамасымен атқарылып жатқан игі істер тәуелсіз Қазақстанды бұдан да биік шыңдарға көтереріне біздің ешқандай күмәніміз жоқ.

**Мерекелеріңіз құтты болсын,
қадірменді жерлестер!**

ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙ БЕРСІН!

Д.Әміров,
Шығыс Қазақстан облыстық
сотының төрағасы,
Байзақ ауданының Құрметті
азаматы.



Құрметті байзақтықтар!
Сіздерді 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Тұңғыш Президент күні - Қазақстан

Республикасының жаңа кезеңіне жол ашатын және мемлекет болып қалыптасудың тұғыры, әлеуеті зор, қуатты елдің мерекесі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саликалы басшылығымен халқымыз тәуелсіздік туын биікке көтерді. Ата Заңымызды, рәміздерімізді және басқа да рухани құндылықтарымызды қастерлей отырып, өміріміздің сан саласын дамыту, жас мемлекетіміздің абыройын асқақтату жолында тамаша бастамалар өмірге келді. Қазақ халқының тәуелсіз ел болып қалыптасуы жолында орын алған осындай маңызды кезеңдерді айқындайтын Тұңғыш Президент күнінің ерекшелігі зор. Өйткені, президенттік басқару формасы мен тәуелсіздіктің жиырма төрт жылдық тәжірибесі біздің ел үшін осы басқару формасының тиімді болып, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Осы уақыт аралығында Қазақстанды барша әлем таныды. Әлемдегі жоғары дамыған өркениетті мемлекеттермен тәуелсіз Қазақстан терезесі тең, беделі жоғары, болашағы зор мемлекет болып қалыптасты. Мәдениетті, өнерді, экономиканы, білім мен ғылымды ұштастырып өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылдық. Тұңғыш Президентіміздің саликалы саясатының арқасында «Қазақстан – 2030» Стратегиясы мерзімінен бұрын іске асты. Қазіргі таңда еліміз әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді көздейтін «Қазақстан – 2050» Стратегиясында және «Ұлт Жоспары-100 нақты қадамда» қойылған міндеттерді орындау бағытында қарқынды жұмыстар атқаруда.

Осынау мағынасы мен мемлекеттік маңызы зор мерекеді баршаңызға зор денсаулық, қажымас - қайрат, талмас - қанат, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Еліміз бен Елбасымыздың мәртебесі әлем елдері алдында мәңгілік биіктей берсін!

БИІК БЕЛЕСТЕРГЕ БАСТАҒАН

Д.Тасыбаев,
Байзақ аудандық сотының
төрағасы.

«Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойдағы қуат, ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін»

Н.Ә.Назарбаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті.

Тұңғыш Президент күні – барлық қазақстандықтардың Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні. Тәуелсіздік пен бостандықтың игі мұраттарынан баянды етіп, өркениетті елдерге тән қадамдар жасауда, ел алдындағы саясаткерлік, қайраткерлік, азаматтық және перзенттік парызын адал орындап, әлемдік беделге ие болған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ел тәуелсіздігін нығайтып, халықаралық аренада мемлекет беделін көтерді. Елбасының ерен еңбегінің арқасында Отанымыз әлемге танылды.

Елбасы Алматы облысында, Қаскелең ауданы Шамалған ауылында Әбіш пен Әлжан атты қарапайым шаруалардың отбасында дүниеге келген. Балалық шағынан бозбалалық шағына дейін Шамалған ауылында өсті. Сол кезеңдегі көптеген қиындықтарды басынан өткерді.

Еңбек жолын қарапайым металлург болып бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы кейіннен Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды, партком хатшысы, Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшысы болды. 1984 жылдан 1989 жылға дейін Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы. Ал 1989-1991 жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы, 1990 жылы сәуірінен Қазақстан Республикасының Президенті. 1991 жылдың 1 желтоқсанында өткен бүкіл халықтық сайлау қорытындысында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7%) жеңіске жетті.

1991 жылдың 16 желтоқсанынан



бастап Қазақстан тәуелсіздігін әлем елдері мойындады. Тәуелсіздіктің сын сағаттарында Тұңғыш Президентіміз нар жүгін мойымай көтеретін қажырлы қайраткер, дана саясаткер ретінде елімізді сеніммен алға бастады. Елбасымыз ұлтының үмітін ақтап, елді ел қылды, дербес, егеменді Қазақстан мемлекетінің негізін қалады. Жалпы Еліміз осы кезеңде ғасырға бергісіз жолдан өтті, ауқымды жағынан орасан табыстарға қол жеткізді. Егемендіктің тұғыры жылдан-жылға нығайып, жана да жас мемлекетімізді бүкіл әлем танып, мойындады.

«Дәуір данышпанды тудырады, данышпан дәуірді өзгертеді» дегендей, еліміздегі өзгерістердің барлығы Елбасымыздың мемлекет басындағы жанкиярлық еңбегімен, сарабалдан саясаткерлігімен тығыз байланысты. Біз Елбасымызбен бірге жана дәуірдің бетін аштық. Жаһандық саясат пен әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени қарым қатынастар кеңістігінде өзіміздің тәуелсіз ел ретінде жүрер жолымызды, даму мүмкіндіктерімізді айқындадық. Бар болғаны тәуелсіздіктің 24 жылының ішінде ұлан ғайыр шаруалар бір-бірімен қат-қабат келіп, жүзеге асу барысында еліміздің бейнесін өзгертіп, әрбір адамның бойында асыл

арман мен айқын мақсаттардың отын тұтатты. Әр күні жылға бергісіз деп бағаланатын осы уақыт ағында тәуелсіз елімізді төрткүл әлем құрмет тұтатын болды. Тәуелсіздік алған қазақ елі дүние жүзі бойынша ядролық қарудан бірінші болып бас тартқан ел ретінде тарих бетіне алтын әріппен жазылды. Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етті. 56 елдің басын біріктірген Астана саммиті де жоғары дәрежеде өтті. Еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін арттыратын айтулы оқиғаның бірі – 2017 жылы Астанада өтетін “ЭКСПО-2017” көрмесі. Жаңа Қазақстан әлемдік беделді оқиғалардың бел ортасынан ойып орын алатын, жана идеяларды сынға салып, жаңалықтарды іске асыратын жетекші мемлекеттің біріне айналды. Осылайша Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды.

Барша қазақстандықтар тәуелсіз мемлекетіміздің Тұңғыш Президентін мақтан тұтады. Осынау мереке күні барлық байзақтықтарға мықты денсаулық, отбасылық бақ-береке, ынтымақ пен мейірім тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіз еліміздің беделі биік болсын.

Партия билеттері табысталды

А.Шотбасова,
«Ауыл жаңалығы».

ЕЛІМІЗДІҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІНДЕ ЕЛБАСЫНЫҢ СІҢІРГЕН ЕНБЕГІ ЕРЕН. ҚАЗАҚСТАНДЫ НҰРЛЫ ЖОЛҒА БАСТАҒАН НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ КЕШЕ ҒАНА ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ӨЗІНІҢ ЖОЛДАУЫНДА МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ МЕЙЛІНШЕ ДАМИ ТҮСУІНЕ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ НҰРОТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚОСАР ҮЛЕСІ ЗОР ЕКЕНДІГІН АЙТТЫ.

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КҮНІНЕ ОРАЙ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАНҒАН БІРНЕШЕ АЗАМАТТАРҒА БИЛЕТТЕР ТАБЫСТАЛДЫ.

Іс-шара барысында «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлепов алдымен баршаны айтулы мерекеміз құттықтап, Президентіміздің сарабалдан саясаты, елдегі ахуал, жарқын болашаққа қадам басқан Қазақстанның жақсы жетістіктерге жетуіндегі «Нұр Отанның» ролі, оның басты ұстанымы турасында айта келе, партия аудандық филиалының «Жарық тарату», «Байланыс торабы» бастауыш партия ұйымдарына қабылданған Фарид Рустамова, Айнұр Нұрпейісова, Азамат Сапаралиевтерге партия билеттерін салтанатты түрде табыс етті.

Сонымен қатар, Нұржан Сейдазымұлы мерейлі мерекеге орай «Нұр Отан» партиясының алға қойған басты мақсаттарын орындауда ауданда жемісті жұмыс атқарып жүрген «Бұрыл» «Мәдениет үйі» бастауыш партия ұйымы төрағасының орынбасары Н.Сапаралиева және «Жарық тарату» бастауыш партия ұйымы төрайымының орынбасары мен мүшелері З.Сатылғанова, Б.Нұрпейісов, Қ.Мамбетоваларды Алғыс хатпен марапаттады.

Айта кету керек, аталмыш жиында аудандық, облыстық бастауыш партия ұйымдары арасында өткен байқауда алдыңғы қатардан көрінген ауданымыздағы «Жарық тарату» БПҰ-ның жұмысы ерекше айтылып өтті. Республикалық жарысқа жолдама алған бұл бастауыш партия ұйымы және оның төрайымы Ш.Байтақова іс-шара соңында қатысушылармен семинар өткізді.

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ӘЖЕ

«Құрыштан құйған күдіреттей болып төрінде қазыналы кейуана отырса-ол әулет бақытты. Өйткені «Қариясы бар үй –қазына» деп атам қазақ тегін айтпаған.

1 желтоқсан-ҚР Тұңғыш Президенті күні түймекенттік Сейсекүл Абдралиева 100 жасқа толды. Ғасыр жасаған қазыналы анамыз Темірбек округіне қарасты қазіргі Шахан (бұрынғы Чапаев) бөлімшесінде дүниеге келген екен. Әкесі Тілен көпшіл, еңбеккор болса, анасы Ажар еті тірі кісі болса керек-ті. Екі қыз, бір ұлды көздің қарашығындай бағып қакқан Тілен мен Ажардың тұңғышы Сейсекүл әжейдің балалық шағы ұжымдастыру, аштық, қуғын-сүргін және Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келгеніне қарамастан өмірдің қиыншылығын қара нарша көтере білген. Буыны қатпай жатып, колхоздың барлық жұмысына араласа жүріп, 16 жасында өзінен бірнеше



жас үлкен Ибраһым Абдралиевке тұрмысқа шығады.

Ғасырлық ғұмырында кездескен

қиындықтарды қасқая тұрып, жеңе білген әжей 1981 жылы құдай қосқан қосағын, ал 2008 жылы ұлы Зунин өмірден өткенде де мықтылығын көрсете білді. Құлғыдан бүгіліп жатып қалған жоқ. Белді бекем буып, барына шүкіршілік етті.

Ақ жаулықты ананың үлкені-Баянды мен келіні Зауре ұзақ жылдар бойы “Трудовой пахарь” ұжымшарында шопан болып, жемісті еңбек етті. Бүгінде зейнеткер. Зуниннің келіншегі Құлаш та немере қызығын көруде.

Қос ұлынан өсіп-өнген 8 немере, 26 шөбере, бір шөпшегінің ортасында әдемі картаю үлгісін көрсетіп отырған әжей де елдің бірлігін, ұрпақтардың амандығын тілейді. Асыл әжемнің көзі ашық, көкірегі ояу. Елдегі жаңалықтарға елең етіп, газет-журналдарды оқып, теледидар жаңалықтарын жібермей тыңдайды.

Елбасы- ЕЛ ТІРЕГІ

Н.Асабаев,
аудан прокуроры.

2011 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Парламенті сенатының пленарлық мәжілісінде «Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы заң қабылданды.

1991 жылдың 1 желтоқсанында өткен бүкіл халықтық сайлау қорытындысымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақ ССР-інің Президенті лауазымына қайта сайлануы осы мереке күнін таңдаудың тарихи негізі болды. Ол жалғыз үміткер болып, 88,2 пайызды құраған сайлаушылардың 98,7 пайыз дауысын иеленген. Алашқы Президенттің алғашқы маңызды шешімдерінің бірінен 1991 жылдың 10 желтоқсанында Қазақ ССР-ін Қазақстан Республикасына өзгерту туралы заңы орын алды. Алты күннен кейін – 1991 жылдың 16 желтоқсанында Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет екенін білдіретін тәуелсіздігін жариялады.

Қазіргі таңда Қазақстан демократиялық мемлекет түріндегі халықаралық қауымдастық ретінде танымал болып отыр. Бұл күнге жетуге 1990 жылдың 24 сәуірінен, яғни Президенттік лауазымның құрылуынан бастап республикамызды басқарып келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сіңірген еңбегі аз емес.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның біртұтастығының, Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы болып табылады. Сондай-ақ Конституциямызға сәйкес Республика Президенті еліміздің Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы болып табылады. Ол, Қазақстанның іс жүзінде егеменділігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық актілер қабылдады. Соның ішінде өздеріңізге белгілі 1991 жылдың 29 тамызындағы Семей ядролық полигонын жабудың туралы Жарлығы. Мұнымен Президент көптеген жылдар бойы қол жеткізілмеген халық үшін маңызды мәселені шешті. Шындығында да Президентіміздің бастамасымен ұйымдастырылған шаралардың нәтижесінде еліміздің халықаралық аренада дамуымен қатар, халықтың экономикалық белсенділігі артты, әл-ауқаты, тұрмыстық жағдайы жақсарды. Халық алдында сіңірген еңбегі бағаланып, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2010 жылы бірауыздан «Елбасы» атанды.

Кемеңгер көшбасшымызбен талай асулардан асып, биік шыңдарды бағындыратын боламыз. Сондықтан көгілдір аспан көгінде көк туымыз мәңгілік желбірей берсін!

100-ді еңсерген әжейдің көзінен нұр төгіліп, жан-жағына шуағын шашып келеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейірі алып жүрген қандай бақыт десеніңші. Құлағы сәл ауырлау болғанымен қимылы ширақ, сөзге шешен Сейсекүл Тіленқызын немересі Сайан мен келіні Ғалия бағып-қағуда.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадисінде: «Әуелі анаң, тағы да анаң, содан соң әкеңе жақсылық жаса» депті. «Жұмақтың кілті - ананың табанында» делінген. Жанұяның жылуын суытпай, тал бесікті тербей отырып, тебірене толғар бесік жыры, аңыз-ертегілері мен жаңұт жырларын ұрпағының бойына дарытқан Сейсекүл әжейдің бақытты болғаны сол емес пе, күні кеше ғана өзінің 100 жасқа толған мерейтойын балалары, немерелері ауыл-аймақты, ағайын-туысты шақырып, ұлан-асыр той жасап берді.

Өз тілшіміз.

ЖЫР ӨЗЕГІ-ЕЛБАСЫ

Елі үшін жаралған

**А. Сағындықов,
Шахан ауылы.**

*Мақтанамын осы туған жерменен,
Өз елімен биіктейді ер деген.
Туған жерді түлетуге келгенде,
Тула бойды керемет күш кернеген.*

*Өткенімде қасірет те, мұң да бар,
Біздің келсе шежірені тыңдап ал
Туған елді биіктерге бастаған,
Тең келетін кім бар екен ұлға нар.*

*Қазақ осы үміт-ойға бай халық,
Ер Нұрсұлтан Елбасы боп сайланып-
Көркейді шың Қазақстан Отаным,
Асыл арман ақиқатқа айналып.*

*Бейбіт тірлік біздікіндей қайда шың,
Парасатты ердің көрдік пайдасын.
Біз қашанда Елбасымен біргеміз,
Қазақстан туған жерім, жайнасын!*

Елін сүйген Елбасы

**Е. Ержас,
Қарасу орта мектебінің 6-сынып
оқушысы.**

*Күн күлдімдеп көгімде,
Кежміз нық сенімде.
Бақыт күйі шалқиды,
Менің қазақ елімде.*

*Ырыс тасып жердегі,
Даңқымыз да өрледі.
Көрінуде биіктем,
Елбасының еңбегі.*

*Иығында ел жүгі,
Қандай ғажап орлігі.
Біздің Тұңғыш Президент,
Бар әлемге белгілі!*

*Болсын елде бақ, табыс,
Артысы орпап сапымыз.
Баршамызға мақтаның,
Ер Нұрсұлтан атамыз!*

МӘҢГІЛІК ЕЛ боп қаламыз

**Ш.Алатауова,
Чапаев орта мектебінің 10-сынып
оқушысы.**

*Бір мүдде, бір болашақ, бір мақсатқа,
Елбасы бастап берген саясатқа.
Ден қойып ұмтылыспен күш саламыз,
Жеңіспен адым басып болашаққа.*

*Бұрыңғы Есім ханда болды ескі жол,
Тұсында Қасым ханың бар қақса жол.
Бүгінде Елбасының салуымен,
“Нұрлы жол” – ел арманын растады ол!*

*Нұрлы жолмен алысқа аттанамыз,
Тарихы - мол шежіре, жатқан аңыз.
Тонықоктен өсет толық жеткен,
Біз қазақ - “Мәңгілік Ел” боп қаламыз!*

ТӘУЕЛСІЗДІК -
ТІРЕГІМ

**Д.Абдрахман,
Н.Киікбаев орта мектебінің
оқушысы.**

*Тәуелсіздік-рухы күшті ғажап күн,
Артта қалды бодан болған азап күн.
Елім, жерім, қазағым деп тебіреңем,
Өйткені мен тәуелсізбін, азатпын!*

*Кең байтақ қой Қазақстан картасы,
Астанамен айшықталды ортасы.
Бүгін бізге таңдай қағар күллі әлем,
Бұның бәрі Елбасының арқасы!*

*Ауыр күнді артымызға тастауы,
Қиын сәтте қиындықтан қашпауы.
Тілім, дінім, ұлтым қайта көтерген,
Елбасымыз Нұрсұлтанның бастауы.*

Біздің Тұңғыш
Президент

**М.Ешев,
Қостөбе орта мектебінің 5-сынып
оқушысы.**

*Орындалып бар арман,
Өмір ғажап жаңарған.
Біздің Тұңғыш Президент,
Ел бағына жаралған.*

*Қасиеті қарымды,
Дархан жүрек, дарынды.
Елбасымен-қазағым,
Бар әлемге танылды.*

*Алға бастық қадамдық,
Үмітпен адамдық,
Ер Нұрсұлтан атама,
Ел тілейді амандық!*

Бәрекелді!

АСТАНАДА
БАЙЗАҚ ДАТҚАҒА
көше берілді

Тарихи тұлғалардың бірі – есімі ел жадынан өшпеген, Қазақстанның оңтүстік өңірінде Қоқан хандығына және отарлаушы Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы, қолбастаған батыр, тамам жұртқа жөн нұсқаған қоғам қайраткері Байзақ Мәмбетұлының туғанына 225 жыл толуы өткен жылы кеңінен аталып өткен болатын.



Осыған орай Астанада да батыр есімі жазылған тактайшалар ілінген көше пайда болды. Осынау қуанышты оқиғаға орай өткен сенбіде ел ордадағы Есіл ауданы Ильинка тұрғын алабындағы батыр есімі берілген жаңа көшенің ашылу рәсімі өтті. Онда осы шараны ұйымдастырған «Байзақ датқа» қоғамдық қорының төрағасы Оңласын Есіркепов сөз сөйледі. Ол Байзақ бабамыздың көрегендігі мен алдағыны болжай білетін қасиетін, Тараз қаласы мен облыстың төрт ауданының жұрты датқа қаздырған ұзындығы 160 шақырым тоғандардың игілігін әлі күнге көріп келетінін тіліне тиек етті.

Байзақ датқаның шөбересі, Жуалы ауданында тұратын еңбек ардагері, елге сыйлы қария Кемелхан Саттаров, Байзақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кемелбек Бесбаев азаттық үшін арпалысып өткен бабаның есімін ұлықтап отырған астаналықтарға алғыс арнап, батасын берді.

Бұдан кейін жолдың алыстығына карамастан, елордада облыстың әр түрлілерінен барған жамбылдықтардың қатысуымен кілең жаңа үйлерден тұратын көшенің лентасы қиылды. Соңыра «Құман» тойханасында Байзақ бабаға ас берілді. Оған облыстан барған ұрпақтарымен қатар, Байзақ датқаның ерлігі мен халқы үшін атқарған ісін қадірлеуші танымал азаматтар да қатысты.

Ақ дастархан басында мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді, Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің көмекшісі Амангелді Момышев, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Уәлихан Бишімбаев және басқалар Байзақ датқаның еліміздің тарихында алар орны ерекше екендігіне тоқталды.

**Т.Толқынбайұлы.
Тараз-Астана-Тараз.**

ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖАНАША БАҒЫТ АЛДЫ

**Т.Әбуов,
Дін істері комитетінің
дін мәселелері жөніндегі
ғылыми-зерттеу және
талдау орталығының бөлім
басшысы.**

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени ғылыми дамуды қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық болып табылады. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, білімін дамыту. Өйткені қай мемлекеттің де негізгі тірегі білімді де білікті, иманды да парасатты, іскер де, белсенді адамдар.

Ал діни білім беру деген –

мемлекеттік оқу орындарындағы дін туралы білім немесе дін қызметкерлерін дайындауға бағытталған білімді білдіреді. Әлемнің көптеген өркениетті мемлекеттерінде діни білім беру оқу орындарында бұрыннан жүйелі жүргізіліп келеді. Өйткені, қай уақытта болмасын діни білімге халықтың сұранысы болған.

Осы мақсатта «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2020 жылға дейінгі білім беруі дамыту Тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдаманың басты мақсаты – бәсекеге қабілетті дін мамандарын даярлау. Даярланған дін мамандары халыққа ислам дінінің негіздерін, дін атын жамылған дәстүрлі емес діни ағымдар мен ұйымдардың діни идеологиясын ислам дінінің ханафи

мазхабынан ажыратып бере алатын, бүгінгі діни ахуал жағдайында қоғамдағы тұрақтылықты сақтау және жастар арасында экстремистік және ланкестік идеялардың алдын алу мақсатында діни сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жоғары, сауатты деңгейде жүргізетін болады.

ҚМДБ қарасты мешіттер ендігі кезекте діни сауат ашу курстарында тек құран кәрім әліппесі, ғибадат, ақида секілді пәндермен шектелмей қазаки салт-дәстүрмен біте-қайнасып, ұлттық санаға сіңіскен этикалық құндылықтарға негізделген ислами ұстанымдардың ерекшеліктерін көрсетіп, жан-жақты түсіндіріп оқыту уақыттың талабы екені ақиқат. Әрине, мұндай жұмыстар діни сауат ашу курсының жана деңгейге көтерілуіне

мүмкіндік береді. Өз кезегінде, қабылданған тарихи тұжырымдама жастардың діни сауатын ашуға деген қызығушылықтарының артуына қызмет етері сөзсіз.

Бір данышпан: «Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек үкес келеді»-депті. Сондықтан бүгінгі заманның талабына сай әрекет етуге деген уақыттың сұранысынан туындаған тұжырымдама. Тұжырымдама бойынша колға алынған діни білім алу жұмыстары қоғамды көркейтуде, иманды, рухани өрсі биік жастарды тәрбиелеуге қызмет етері даусыз. Бір сөзбен айтқанда тұжырымдамада діни білім беру қызметінің мазмұны жанарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіндіктер көрініс тапқан.

РАЗЪЯСНЯЯ ПОТРЕБИТЕЛЯМ ИХ ПРАВА

Байзакское управление по защите прав потребителей осуществляет руководство и регулирование в сфере защиты прав потребителей санитарно-эпидемиологического благополучия населения, контроль и надзор за соблюдением требований, установленных техническим регламентом и нормативными документами по продукции и услугам, реализуемым потребителям. Одним словом, стоит на страже интересов потребителей, в том числе и в сфере образования.

В связи с этим сотрудники районного управления проводят собрания, встречи в учебных заведениях района, на которых проводят устную консультативную и юридическую помощь, с целью повышения правовой грамотности учителей и учащихся школ района. Такие встречи прошли в Туйменкентской средней школе и в средней школе Сарыкемер.

На днях состоялась ещё одна встреча в средней школе имени «40 лет Казахстана».

Её провели начальник отдела мониторинга районного

управления по защите прав потребителей А.Мусаев и главный специалист этого отдела С.Тайланов.

С разъяснениями основных положений Закона РК №274-IV от 4 мая 2010 года «О защите прав потребителей» выступил главный специалист С.Тайланов.

Он популярно разъяснил основные постулаты законодательного документа, подробно объясняя права потребителей по тем или иным вопросам.

Сказал о том, что в большинстве своём возникающие спорные вопросы приходится на сферу торговли, в основном связанные с отказом в обмене или возврате товаров ненадлежащего качества, касающиеся некорректного поведения продавцов, не предоставления чеков, подтверждающих факт приобретения товара, предоставления некачественного товара. Говорил о правах потребителей на возмещение в полном объёме причинённых убытков, вследствие недостатков товара (либо услуг), о сроках

предъявления потребителями требований в отношении недостатков товара, о правах потребителя на получение у продавца документа, подтверждающего факт приобретения товара либо оказания услуг и даже право на возмещение морального вреда и т.д. Докладчик привёл множество примеров.

В ходе встречи у многих возникли вопросы. В частности, социолог Г.Топтаева, медсестра школы И.Тилегинова задавали вопросы, касающиеся товарных чеков, проблем общественного питания, предоставления торговых услуг, привели частные примеры. На заданные вопросы получили исчерпывающие ответы.

Сотрудники районного управления в своём выступлении озвучили насущные проблемы, разъясняя законные права потребителей. Сказали о том, что во всем вопросе, касающемся защиты прав потребителей, желающие могут получить консультацию по телефону горячей линии районного управления по защите прав потребителей.

Наш корр.



Әйел- бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді. Расында да бүгінде әйел ана болумен қатар, білікті басшы, білімді маман ретінде де түрлі салаларды еркін менгеріп, елді алға бастап келеді. Отбасының ұйытқысы әйел - әрі жар, әрі сенімді қызметкер, әрі ер адамдардың басым бөлігі бара бермейтін кәсіпті шыр айналдыра доңғелетіп отырған майталман кәсіпкерлер екендігін де дәлелдеуде. Былайша айтқанда Қазақстан әйелдерінің қазіргі таңдағы әлеуметтік мәртебесі биік.

Қарашаның 25-ші жұлдызында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстанның Іскер әйелдері қауымдастығының 20 жылдық мерейтойына арналған IV Еуразиялық әйелдері саммиті өткені белгілі. Мемлекеттік хатшы, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Г.Әбдікалықова, Премьер-Министрдің орынбасары Д.Назарбаева, депутаттар мен шетелдік қонақтар, Ұлттық комиссияның мүшелері, еліміздің барлық өңірлерінен келген 500-ден астам кәсіпкер әйелдер, мемлекет басқаруындағы ірі компаниялардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысқан айтулы жиыны біздің өңірден барып қайтқан аудандық мәслихаттың депутаты, іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Т.Кадимова және жеке кәсіпкер Л.Жабатаеваларды сөзге тартып, ару қала Астанадан алған әсерлері, саммит көтерген мәселе, жалпы әйелдің қоғамдағы ролі турасында сұхбаттасқан болатынбыз.



**Тазәгул Кадимова,
аудандық мәслихаттың
депутаты, іскер әйелдер
қауымдастығының
төрайымы.**

Еліміздің ерекше мерекесі – ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында, қарашаның 25-і күні әсем қала Астанада Қазақстанның

Іскер әйелдері қауымдастығының 20 жылдық мерейтойына арналған IV Еуразиялық әйелдері саммиті өтті. Оған 500-дей еліміздің белсенді әйелдері қатысты.

Айтулы жиыннан алған әсерім бір бөлек әңгіме, күн санап көркейе түскен Астана қаласы көкірегіне мақтаныш сезімін ұялатады екен.

Шындығында да елімізде әйел азаматтарына деген құрмет ерекше. Тиісінше Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығы да еліміздің одан әрі дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқаны да жасырын емес. Аталмыш ұйым Елбасы саясатын қолдауда белсенді әрекет етіп, Президенттің гендерлік теңдік бағытындағы стратегиясын орындауда сенімді серіктес екенін танытып келеді. Міне осының барлығы саммиттің әңгіме арқауы болды. Жиыннан соң «Астана Опера» театрына барып, арнайы ұйымдастырылған гала-концертті тамашаладық. Қыз-келіншектер қолымен жасалынған қолөнер бұйымдарының көрмесін көріп, көңілімізге түрлі тың идеяларды түйіп қайттық.



**Ләззат Жабатаева,
жеке кәсіпкер.**

Қазақ қашанда әйел затын ардақ тұтқан халық. Әу бастан келе жатқан осындай құрмет пен ілтипат нәзікжандыларға бүгінгі таңда да көрсетіліп келеді.

Осы ретте елімізде Елбасының қолдауымен кәсіпкерлік саласына айрықша көңіл бөлініп жатқанын айтып кетсек болмас. Кең өріс ашылған осынау салада қыз-келіншектердің де үлесі зор. Бизнесі барынша игеріп, ісін ілгерілетіп жүрген арулар Қазақстанның қарышты дамуына бар күш-жігерлерін салып, еңбек етіп келеді.

Астанада өткен Іскер әйелдер қауымдастығының 20 жылдық мерейтойына арналған IV Еуразиялық әйелдері саммиті жер-жерлердегі белді, беделді нәзікжандылардың басын қосып, түрлі көкейкесті мәселелерді талқыға салды.

